

## "Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2008 жылғы 26 қарашадағы N 161 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2008 жылы 24 желтоқсанда N 4214 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысының Әділет Департаментінің 2009 жылғы 11 тамыздағы N 2/5977 хатымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - Қызылорда облысының Әділет Департаментінің 2009.08.11. N 2/5977 хатымен.*

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабына және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы N 561 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген "Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарты бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Мұхамедовке жүктелсін.
3. Осы қаулы бірінші ресми түрде жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Б. Қуандықов

Қызылорда облысы  
әкімдігінің 2008 жылдың  
26 қараша N 161 қаулысымен

Бекітілді

## **"Жұмыссыз азаматтарға анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету Стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы стандарт жұмыссыз азаматтарға жұмыссыз ретінде тіркелу жөнінде анықтамалар беру мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) белгілейді.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нысаны: ішінара автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 8-бабы 1-тармағы 8) тармақшасы негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет өтініш берушінің тұрғылықты жеріндегі аудандардың және Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері (бұдан әрі - Бөлімдер), Байқоңыр қаласы бойынша филиал - уәкілетті органдары арқылы көрсетіледі. Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалының толық атауы, олардың мекен-жайлары мен веб-сайттары осы Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген.

5. Азаматты жұмыссыз ретінде тіркеу туралы анықтама мемлекеттік қызмет көрсетудің аяқталу нысаны болып табылады.

6. Осы мемлекеттік қызмет, бөлімдерде жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарға (бұдан әрі - өтініш берушілер) көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде уақыт бойынша шектеу мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызмет - 1 жұмыс күннен аспайтын мерзімде көрсетіледі.

2) қажетті құжаттарды тапсыру үшін кезек күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт 30 минуттан аспауы тиіс;

3) қызмет көрсету нәтижесі ретінде құжаттарды алу үшін кезек күтуге рұқсат етілген ең ұзақ уақыт 30 минуттан аспауы тиіс.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың ғимараттарындағы стендтерде орналастырылады. Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың мекен-жайлары осы Стандарттың 1 қосымшасында көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және қол жетімділігіне қойылатын талаптар туралы ақпарат көзі ретінде мемлекеттік қызмет көрсету стандарты облыстық "Сыр бойы", "Қызылординские вести" газеттерінде жарияланады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету күн сайын (сәрсенбі, сенбі және жексенбіден сондай-ақ мерекелік күндерден басқа) жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9-00-ден 17-00-ге дейін, үзіліс сағат 13-00-ден 15-00-ге дейін ұсынылады. Қабылдау кезек тәртібінде, алдын-ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

11. Мемлекеттік қызмет өтініш берушінің тұрғылықты жеріндегі Бөлімдерде және Байқоңыр қаласы бойынша филиалында көрсетіледі. Мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін, күту мен қажетті құжаттарды дайындау үшін қолайлы жағдайлар көзделген. Ақпараттық стендтер, қажетті құжаттарды толтыру үлгілері бар.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін өтініш беруші азаматтың жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады;

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін бланкілерді толтыру, арыз қажет етілмейді.

14. Өтініш берушілер қажетті құжаттармен тұрғылықты жеріндегі Бөлімдерге және Байқоңыр қаласы бойынша филиалына өтініш білдіреді. Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың мекен-жайлары осы Стандарттың 1 қосымшасында көрсетілген.

15. Тұтынушыға мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушының барлық қажетті құжаттарды тапсырғанын растайтын құжат берілмейді.

16. Мемлекеттік қызметтің көрсету нәтижесін жеткізу тәсілі – жеке жолығу. Өтініш берушіге дайын құжатты беру тұрғылықты жеріндегі Бөлімдерде және Байқоңыр қаласы бойынша филиалында жүзеге асырылады. Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың мекен-жайлары осы Стандарттың 1 қосымшасында көрсетілген.

17. Егер, өтініш беруші өтініш беру уақытында жұмыссыз ретінде тіркелмесе, немесе жұмыссыз ретінде есептен шығарылса мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылуы мүмкін.

## **3. Жұмыс қағидаттары**

18. Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың қызметі басшылыққа алатын жұмыс қағидаттары:

1) сыйақылық;

2) көрсетілетін мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат;

3) тұтынушы құжаттарының мазмұны туралы ақпараттың сақталуын;

4) тұтынушы белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету.

## **4. Жұмыс нәтижесі**

19. Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың жұмыстарының нәтижелері осы Стандарттың 2 қосымшасына сәйкес сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың жұмысы бағаланатын мемлекеттік қызметтердің сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің нысаналы мәнін жыл сайын арнайы құрылатын жұмыс тобы бекітеді.

## **5. Шағымдану тәртібі**

21. Уәкілетті лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібін түсіндіру, сондай-ақ шағымды дайындауға көмекті Бөлім бастықтарынан немесе бастықтың орынбасарларынан, Байқоңыр

қаласы бойынша филиалдың директорынан алуға болады. Электрондық поштасының мекен-жайлары мен телефон нөмірлері осы Стандарттың 1 - қосымшасында көрсетілген.

22. Уәкілетті лауазымды тұлғалардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдар осы Стандарттың 1,3 қосымшаларында көрсетілген мекен-жайлары бойынша Бөлімдерге, Байқоңыр қаласы бойынша филиалына немесе аудан әкімдіктеріне, және осы Стандарттың 24 - тармағында электрондық поштасы көрсетілген "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесінің лауазымды тұлғасына немесе жоғары тұрған мемлекеттік органға беріледі.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс.

Өтініш берушіге шағымның қабылданғандығын дәлелдейтін, жауабы берілетін жері мен мерзімі, сондай-ақ оның қарау барысы туралы білуге болатын телефоны мен лауазымды тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

## **6. Байланыс ақпараты**

24. Мемлекеттік қызмет көрсететін Бөлімдердің, Байқоңыр қаласы бойынша филиалдың және жоғары тұрған ұйымның байланыс деректері:

1) веб-сайт, электрондық поштаның мекен-жайы, мекен-жайы, телефоны, Бөлім бастықтарының және Байқоңыр қаласы бойынша филиал директорының азаматтарды қабылдау кестелері осы Стандарттың 1-қосымшасында көрсетілген;

2) "Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі, индекс 120014, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 47, электрондық поштаның мекен-жайы, korda2004@mail.ru , телефон 8 /724-2/ 26-10-76. қабылдау кестесі:

Басқарма бастығы – күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ға дейін, демалыс күндері - сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа түскі асқа үзіліс 13.00-дан 15.00 - ге дейін.

Басқарма бастығының орынбасары – күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ға дейін, демалыс күндері - сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа түскі ас мерзімі 13.00-дан 15.00-ге дейін, N 11 кабинет.

Басқарма бастығының орынбасары – күн сайын сағат 9.00-ден 19.00-ға дейін, демалыс күндері - сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа түскі ас мерзімі 13.00-дан 15.00-ге дейін, N 16 кабинет.

3) Қызылорда облысының әкімдігі: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, www.kyzylorda.kz Веб-сайты., жұмыс кестесі: күн сайын, сенбі, жексенбі және

мерекелік күндерден басқа сағат 9-00-ден 19-00-ға дейін, түскі ас мерзімі 13-00-ден 15-00-ге дейін.

25. Қызылорда облысының әкімдігі: Қызылорда қаласы, Ы. Жахаев көшесі, 76, www.kyzylorda.kz Веб-сайты.

"Жұмыссыз азаматтарға анықтамалар беру" мемлекеттік қызмет көрсету Стандартына 1-қосымша

**Облыстық аудандық және Қызылорда қалалық бөлімдердің және Байқоңыр қаласы бойынша филиалының байланыс мәліметтері**

N	Қызылорда облысының, Қызылорда қалалық және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің атауы	Азаматтарды қабылдау уақыты	Байланыс телефоны	Мекен-жайы	Электронды мекен-жайы, сайт
1	2	3	4	5	6
1	"Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-2) 274279 270259 ф: 26-24-89	Қызылорда қаласы, Қ.Қазантаев көшесі, 43 үй	zankz@mail.kz
2	"Арал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-33) 2-41-07 2-21-73	Арал ауданы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 58	sobes@mail.kz
3	"Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-38) 21-2-50 22-2-63	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Жанқожа батыр көшесі, 11	nurmax74@mail.ru
4	"Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-37) 2-28-59 2-17-74	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Аманкелді көшесі, 33	karmakchi@mail.ru
5	"Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Байқоңыр қаласы бойынша филиалы	Күнделікті: 9.00 - ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00 – ден 15.00 сағатқа дейін	8 (336-22) 7-37-19,7-26-64	Байқоңыр қаласы, Янгель көшесі, 23а	-

6	"Жалағаш аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-31)31-3-93 31-6-00	Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 1	raisobes@mail.ru
7	"Сырдария аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-36) 21-5-83 22-0-12	Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Әлиақбаров көшесі, 18	sobes_81@mail.ru
8	"Шиелі аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-32)4-40-58 4-22-56	Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 4	shielisobes@mail.ru
9	"Жаңақорған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін	8 (724-35) 22-3-21 21-4-39	Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Аманкелді көшесі, 53	jkorgan@mail.ru

**"Жұмыссыз азаматтарға анықтамалар беру"**  
**мемлекеттік қызмет көрсету Стандартына**  
**2-қосымша**

**Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің маңызы**

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік маңызы	Келесі жылы көрсеткіштің нысаналы маңызы	Есептік жылы көрсеткіштің ағымдағы маңызы
1	2	3	4
<b>1. Уақытылылық</b>			
1.1. Құжат тапсырылған уақыттан бастап белгіленген мерзімде қызметтер көрсетудің % (үлесі) жағдайы	90	95	90
1.2. Кезекте 30 минуттан аспай қызмет көрсетілуін күткен тұтынушылардың % (үлесі)	85	90	85
<b>2. Сапа</b>			
2.1. Тұтынушылар қызмет көрсету процесінің сапасына қанағат ету % (үлесі)	89	90	87,4
	80		79

2.2. Лауазымды тұлғамен құжаттарды дұрыс толтыру (жасалған есептеу, есеп айырысу және тағы басқа) жағдайлар % (үлесі)		85	
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. Қызмет көрсету сапасы мен тәртібі туралы ақпаратпен қанағаттанған тұтынушылар % (үлесі)	90	90	87,4
3.2. Тұтынушының құжаттарды дұрыс толтыру және бірден тапсыру жағдайының % (үлесі)	80	80	79
3.3. Интернет арқылы қол жететін ақпарат беру қызметінің % (үлесі)	50	30	27
<b>4. Шағым беру үдерісі</b>			
4.1. Осы қызмет түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына дәлелді шағымдар % (үлесі)	0,5	0,1	0,3
4.2. Белгіленген мерзімде қаралып, қанағаттандырылған дәлелді шағымдар % (үлесі)	100	100	95
4.3. Тұтынушылардың қолданыстағы шағым беру тәртібіне қанағат ету % (үлесі)	85	85	80
4.4. Тұтынушылар шағым беру мерзіміне қанағат ету % (үлесі)	90	90	85
<b>5. Сыпайылық</b>			
5.1. Тұтынушылардың персоналдың сыпайылығына қанағат ету % (үлесі)	90	90	87

"Жұмыссыз азаматтарға анықтамалар беру" мемлекеттік қызмет көрсету Стандартына 3-қосымша

**Аудан және Қызылорда қаласы әкімі аппараттарының байланыс деректері**

N		Мекен-жайы	
---	--	------------	--

	Мемлекеттік органдар атауы	Азаматтарды қабылдау уақыты		Электронды мекен-жайы, сайт
1	"Қызылорда облысы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Қызылорда қаласы, Ы.Жахаев көшесі, 76	oblkorda@nursat.kz
2	"Қызылорда қаласы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Қызылорда қаласы, Бөкейхан көшесі н/з, тел: 8/7242/23-77-08	E-mail gorakimat_kz@list.ru www.kyzylorda-citi.kz
3	"Арал ауданы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Арал қаласы, Школьная көшесі, 33, тел: 8/72433/2-20-00	E-mail aralkalasy@mail.ru
4	"Қазалы ауданы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Әйтеке би, Әйтеке би көшесі, 5, тел: 8/72438/21-2-60	E-mail LJT.70@mail.ru
5	"Қармақшы ауданы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Жосалы кенті, Қорқыт-ата көшесі, 1, тел: 8/72437/2-11-31	E-mail karmakchi@mail.ru www.karmakchi.kz
6	"Жалағаш ауданы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін,	Жалағаш кенті, Әйтеке би көшесі, 12, тел: 8/72431/31-454, 31-7-57	



		Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін		E-mail jalkorda@topmail.kz zhalagash@mail.ru
7	"Сырдария ауданы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Теренозек кенті, Абай көшесі, 17, тел: 8/72436/21-1-68	E-mail syrdarya_akimat@mail.ru
8	"Шиелі ауданы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Шиелі кенті, Рысқұлов көшесі, 6, тел: 8/72432/4-28-00	E-mail akimat_shieli@mail.ru
9	"Жаңақорған ауданы әкімінің аппараты" ММ	Күнделікті: 9.00-ден 17.00 сағатқа дейін, түскі асқа үзіліс 13.00–ден 15.00 сағатқа дейін, Аппарат басшысының қабылдау уақыты - 10-00 – ден 13-00 сағатқа дейін	Жаңақорған кенті, М.Көкенов көшесі, 37, 8/72435/ 22-0-96	E-mail org_acim@mail.ru

ММ – мемлекеттік мекеме